


**И.Журба атындағы жалпы орта білім беретін
мектебі педагог-психолог қызметі бойынша
І-тоқсанда атқарылған жұмыстар
есебі**

2022 - 2023 оқу жылы

И.Журба атындағы жалпы орта білім беретін мектебі педагог-психолог қызметі бойынша
I-тоқсанда атқарған жұмыстары туралы талдау

Мектептегі оқу-тәрбие процесінің қауіпсіз болуын қамтамасыз ету және қолдау, психологиялық қызмет көрсету, білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау мақсатында төмендегідей жұмыстар атқарылды.

1. Педагогтар мен ата-аналардың өзара қызметін құруда бірінші және бесінші сынып, 9-10-сынып білім алушыларына кәсіптік бағдарлау жұмыстары бойынша жеке және топтық сұхбаттасулар жүргізілді. «Жеткіншектік шақтың қиындықтары», «Жасөспірімдік шақтың ерекшеліктері» тақырыптарында топтық кеңес (баяндамалар, жаднамалар) берілді.



2. Білім беру жүйесін сүйемелдеу, білім алушылармен психологиялық диагностикалау (бақылау, сауалнама, тестілеу) жұмыстары жүргізілді.

Білім беру саласындағы психологиялық қызметтің әр білім алушы тұлғасының психикалық ерекшелігін ескере отырып жүргізілетін жұмыс түрлері әр түрлі. Яғни білім алушыларды психологиялық мәселелерін анықтау үшін *жас ерекшеліктеріне* байланысты әдістемелер алынады, анықталған мәселелерді шешуде не түзетуде психологиялық коррекциялық жұмыстардың түрлері қолданылады.

Диагностикалық зерттеу: ақыл-ойдың даму деңгейін анықтау үшін ақыл-ой көрсеткіштерін анықтап, оларға зерттеу жүргіземіз (яғни есте сақтауы, қиял, ақыл-ой қабілеттері және т.б.)

Жасөспірімдердің ақыл- ой дамуын диагностикалау

«Ойлау типі» әдістемесі (Галина РЕЗАПКИНА)

Жалпы қатысқан сыныптар-9; 10. Қатысқан бала саны- 90

Мамандық таңдауға дейінгі ойлау деңгейінің нәтижесі:

Ойлау типінің даму деңгейі (ұпай саны)	Заттық-әрекеттік ойлау	Абстрактілі-символикалық ойлау	Сөздік-логикалық ойлау	Көрнекі-бейнелі ойлау	Креативтілік
0-2-төменгі	8	11	40	35	40
3-5 орташа	70	75	40	45	39
6-8 жоғары	12	4	10	10	11

Әр адамда ойлаудың белгілі бір типі басым болады. Білім алушылардың ойлау типінің даму деңгейі анықталды. Осы қорытынды негізінде сынып жетекшілерге, пән мұғалімдеріне, ата-аналарға бала бейімділігіне байланысты ұсыныстар берілді.

Білім алушылардың білімге, мамандық таңдауына осы түрлі ойлау типтерінің үйлесімі болғаны дұрыс. Сондықтан бәрінен маңызды болашақ мамандыққа деген қабілеті мен қызығушылығында. Психолог кеңесі, диагностикалық жұмыс ықпалынан оқушылардың даму деңгейінде өзгерістер пайда болды.

КАБИНЕТТІК ТАЛДАУ

- 1.1. Әлеуметтік педагогтың мәліметтері.
- 1.2. Мектеп инспекторының тіркеудегі отбасылар тізімі.
- 1.3. Мектеп инспекторының тіркеудегі оқушылар тізімі.
- 1.4. Медбике толтыратын тізім (Д-есебі).
- 1.5. Сынып жетекшінің әлеуметтік желілердегі талдауы.
- 1.6. Суицид, құқықбұзушылық, ерте жүктілік орын алған отбасылардағы оқушылар тізімі

Бұл тізім жоғарыда аталған мамандардың көмегімен жинақталады: мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, мектеп инспекторы, сынып жетекшісі ұсынған тізімдер бойынша кабинеттік талдау жүргізіліп, анықталған оқушылар тәуекел тобының жасыл деңгейіне тіркеледі.

2. ДАЛАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

- 2.1. Эссе талдауы.
- 2.2. Сауалнама.
- 2.3. «Үй, адам, ағаш» проективті әдісі (ДДЧ).
- 2.4. Люшердің түрлі түстер тесті.
- 2.5. Отбасы суреті.

Осы жасалынған жұмыстар бойынша
Әлеуметтік педагог 5-11 сыныптар бойынша 65
Мед бике Д-есепте 5-11 сыныптар бойынша 29
Пед –психолог жинақтаған тізім бойынша 104 оқушы
Атқарылған жұмыстар нәтижесінде 85 оқушыға азайды


Бірінші және бесінші сыныптардың мектепке бейімделуін психологиялық диагностикалау және түзету сауалнама алынды.

Бесінші сыныптардың мектепке бейімделуін психологиялық диагностикалау және түзету бағытында сауалнама алынды.

5-сыныптың басы тек қана балалар үшін ғана емес, сонымен қатар мұғалімдер мен ата-аналар үшін де қиын кезең. Проблемалар өте көп, ол тек қана оқу процесімен шектеліп қоймайды, сонымен қатар жалпы мектептегі өмірді отбасындағы психологиялық атмосфераны ұйымдастырумен байланысты.

5 сынып оқушыларының жасын өтпелі жас дейміз. Психологиялық жағынан бұл жас үлкеюдің сезімін жай-жайдан қабылдаумен байланысты. Бастауыш мектептің орта мектебіне ауысуда бала тек қана сыртқы өзгерістерге емес, ішкі өзгерістерге де тап болады.

Білім алушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, төмендегі диагностикалау жүргізілді.



буын


Жалпы бесінші сыныпта оқитын бала саны-152 бала, зерттеуге қатысқан бала саны-147.

• «Менің сыныбым» әдістемесі

Оқушылардың назарына сыныбың суреті салынған парақ көрсетілді

Талдау нәтижесі:

1. «Мұғалімнен алыста» позициясында тұрған – 1 (Есенбек Бакдаулет) сыртқа қарап тұр,



2. баланың сынып жұмына бейімделуінде қиындықтардың бар екенін көрсетеді.
2. Өзге баллармен өзін теңестіру, жұп болып тұруы, ойыншылармен бірге – 137 баланың бейімделуі жақсы деңгейде.
3. Мұғаліммен бірге - 3 бала үшін мұғалімнің маңыздылығы ерекше екендігі.
4. Ойын позициясы - оқу позициясымен сәйкес келмейді - 6



• «Н.Г.Лусканова» әдістемесі

Мақсаты: Оқушылардың оқу мотивациясын анықтау.

Оқу іс-әрекет мотивациясы оқуға бағытталғандықтан, сонымен қатар таным белсенділігімен және іс-әрекеттілігімен ерекшеленеді.

Оқушының жүріс-тұрысының мотивтерін білмей, оны тәрбиелеуге болмайды. Өйткені сол бір мінез-құлық, оқушыны ынталандыратын мотивтерге байланысты, түрлі өнегелі ойлы болуы мүмкін.


10 сұрақтың жауаптары 0-ден 3 балға дейін бағаланады (теріс жауап - 0 балл, бейтарап - 1 балл, оң жауап - 3 балл).

30-25 балл жинаған оқушылар мектепке бейімделуінің жоғары деңгейін - 88

20-24 балл ортаңғы норманы - 56

15-19 балл ішкі мотивацияны - 2

10-14 балл және одан төменгі балл - 1 мектепке деген теріс қарым-қатынасын, яғни мектеп дезадаптациясын көрсетеді.



Оқу мотивациясының динамикасын бағалау үшін сауалнамада сұрақтар қайталанып келеді. Оқу мотивация деңгейінің төмендеуі баланың мектеп дезадаптациясының көрсеткішін, ал оның жоғарылауы - оқудағы және дамудағы оң динамикасын білдіреді.

Оқушылардың интернетке тәуелділікті анықтауға арналған жұмыстар туралы анықтама

Бесінші сыныптардан интернетке тәуелділікті анықтауға сауалнама алынды.

5-сыныптың басы тек қана балалар үшін ғана емес, сонымен қатар мұғалімдер мен ата-аналар үшін де қиын кезең. Проблемалар өте көп, ол тек қана оқу процесімен шектеліп қоймайды, сонымен қатар жалпы мектептегі өмірді отбасындағы психологиялық атмосфераны ұйымдастырумен байланысты.

5 сынып оқушыларының жасын өтпелі жас дейміз. Психологиялық жағынан бұл жас үлкеюдің сезімін жай-жайдан қабылдаумен байланысты. Бастауыш мектептің орта буын мектебіне ауысуда бала тек қана сыртқы өзгерістерге емес, ішкі өзгерістерге де тап болады.

Білім алушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, төмендегі диагностикалау жүргізілді.

Жалпы қатысқан бала саны- 100 бала

Ата-аналарға ұсыныс:

5-сыныпта бейімделудің нашар болуының себептері:

- пән мұғалімдері тарапынан әр түрлі талаптар, оларды ескеру және орындау қажеттілігі.

- Ақпараттың үлкен ағымы, таныс емес терминдер, сөздер. Бесінші сынып оқушысына анықтамалықтар мен сөздіктерді қолдануға үйрету керек, сонымен қатар ересектердегі түсініксіз сөздердің мағынасын сұрауға үйрету қажет.

- Бірінші мұғалімнің жоқтығынан жалғыздық сезінеді, ал сынып жетекшісі барлық қажетті көңіл бөле алмайды.

- Бұл жастағы барлық тәжірибелер табиғи және оқушының өсуіне көмектеседі, сондықтан ата-аналар мен мұғалімдер мектеп өмірінің жаңа кезеңінде балаларға мұқият және мейірімді болуы керек.

Жалпы білім алушылар саны-152. Балалардың әліде өздеріне таныс емес пәндердің, түрлі мұғалімдердің сабақ беруі қиын екендігін, бастауыш мұғалімдерінің әдісімен жүргендігін, бастауыш мұғалімдерін жиі естерінде ұстайды. Жазуда, ақырын оқу, тез оқуға лесе алмау, кейбір пәндердің (ағылшын, математика, қазақ тілі, тарих, орыс тілі) пәндерінен қиналатындықтарын жеткізді. Бейімделуінде қиындықтары бар бала саны-2 (5%), мектепке деген теріс қарым-қатынасын, яғни мектеп дезадаптациясын көрсетеді-1 Қалған балалар мектепке жақсы бейімделген. Балалардың бейімделуіндегі қиындықтардың алдын алуға ата-аналарға ұсыныстар берілді. Бесінші сынып оқушыларының физиологиялық мәселелері және оқушылардың мектепке бейімделу жағдайлары туралы кеңес жүргізілді.

1 -сынып білім алушыларының мектепке бейімделуін анықтау Керн- Йерасек әдістеме бойынша 100 оқушы қатысты.

«Ер адам суреті», «Бір топ нүктелерді көшіріп салу» «Әріптерді көшіріп салу» әдістемелері бойынша



Білім алушылар, ата-ана, педагогтар сұранысы негізінде, білім алушыларға жеке және төшпен кеңес, сұхбат, әңгімелесу, диагностикалау арқылы түлету жұмыстары жүргізілді.

